

Негізгі функционалдық, техникалық талаптар және сипаттамалар

1. Жалпы талаптар

1) Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Android және IOS операциялық жүйелеріндегі заңды тұлғаларға арналған мобильдік қосымшасын жетілдіру бойынша қызметтерді ұсыну. Одан әрі жеке бағаланған жұмыстарды (бұдан әрі – Жұмыстар) орындауға арналған смета-жоспарларға (қосымша келісімдер) қол қоюды қарастыратын жалпы шарт жасалынады.

2. Арнайы/техникалық талаптар:

- 1) iOS SDK және Android SDK платформаларына арналған Мобильдік қосымшаларды әзірлеу және қолдау;
- 2) REST API-мен жұмыс істеу;
- 3) UX/UI дизайнын әзірлеу;
- 4) Мобильдік қосымшаны беттеу;
- 5) Дизайнды іске асыру үшін Sketch, Figma, Zeplin-мен жұмыс жасау (оның ішінде Жұмыстарды келісуге арналған концептуалды дизайнды дайындау);
- 6) AppStoreConnect: TF, AdHoc жинақтаумен, сертификаттармен және басқалармен жұмыс жасау;
- 7) Мобильдік қосымшаның архитектурасын жасау барысында Clean Swift / VIPER қолдану;
- 8) Fiddler / Charles трафик снифферлерімен жұмыс жасау (Жұмыстарды ретке келтіру және ақауларды анықтау үшін);
- 9) Бөтен кодты түсіну және оған бейімделу;
- 10) Git, CI/CD-пен жұмыс жасау;
- 11) Конкурс шеңберінде тестілік тапсырманы бағалауға және орындауға дайындық.
- 12) GitHub-тағы дайын жобалардың немесе расталған авторлығы бар портфолионың болуы.
- 13) Бағдарламалаудың кроссплатформалық тілдерінде әзірлеу (мысалы, Dart).
- 14) legacy-кодты түсіне білу.

2) Ілеспе қызметтер:

- 15) Әзірлеу процесін өткізудің ашықтығын қамтамасыз ету, оның ішінде жұмыстың келесі параметрлерін ұсыну және келісу:
 - Тапсыру шараларын қабылдаудың жоспарлы күнін көрсетілген жүзеге асырудың болжалды мерзімдері;
 - Тартылатын жұмысшылардың құзыреттері деңгейі;
 - Тартылатын жұмысшыларға арналған адамның сағаттық мөлшерлемесінің құны.
- 16) Қабылдау-тапсыру шараларына тапсыру алдындағы тестілеу хаттамасын қалыптастыра отырып өздігінен тестілеуді іске асыру.
- 17) Жұмыстардың бекітілген жоспар-кестесі бойынша жұмыс істеу.

3) Кепілдік шарттар.

18) Әлеуетті жеткізуші қызметтің сапалы және уақытылы көрсетілуіне кепілдік береді. Шарттың бүкіл әрекет ету мерзімі бойындағы платформаға/сервиске тегін техникалық және сервистік қолдау көрсету.

4) Қосымша шарттар.

19) Әзірлеушілер командасының Тапсырыс берушінің Алматы қ. орналасқан кеңсесінде уақытша немесе тұрақты орналасулары мүмкіндігін қамтамасыз ету;

- 20) Тапсырыс берушіге уақытылы жұмыстардың орындалуларының мерзімі мен сапасының өзгеруіне ықпал етулері ықтимал ашық сұрақтар, техникалық, ресурстық сипаттағы қиындықтар туралы хабарлау;
- 21) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша орындалған жұмыстарға тиісті аудит жүргізуіне арналған рұқсатты және қажетті ақпаратты ұсыну;
- 22) Шарттың талаптарына сәйкес, әлеуетті жеткізуші іске асырған өңдеулер бойынша есептерді, тестілеу хаттамаларын, нұсқаулықтарды және өзге де құжаттамаларды уақытылы ұсыну;
- 23) Әлеуетті жеткізуші жүзеге асырған өңдеулер бойынша анықталған ақаулықтарды жедел жою және техникалық қолдауды ұсыну;
- 24) Жұмыстар бойынша әзірленген шығыс кодын тапсыру.

5) ТЖҚ қабылдау-тапсыру тәртібінің сипаттамасы

25) Қос Тараптың құзыретті өкілдері қолдарын қойған көрсетілген қызметтер актісінің, көрсетілген қызметтер туралы есептің негізінде (есептің нысаны Тапсырыс берушімен келісіледі).

6) Әлеуетті жеткізушіге қойылатын талаптар

- 26) Әлеуетті жеткізушіде Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Android және IOS операциялық жүйелеріндегі заңды тұлғаларға арналған мобильдік қосымшасын жетілдіруді жүзеге асыруға арналған меншік материалдық және еңбек ресурстарының болуы қажет;
- 27) Әлеуетті жеткізуші соңғы 3 (үш) жыл көлеміндегі мобильді қосымшаларды әзірлеу саласындағы жұмыс тәжірибесін растауы, сонымен қатар тиісті еңбек ресурстарының болуының дәлелін ұсынуы тиіс;
- 28) Жұмыстың Тапсырыс беруші бекіткен талаптарға, көзқарасқа, нақтылауларға және мерзімдерге сәйкес жүргізілуін қамтамасыз етуі қажет;
- 29) Әлеуетті жеткізуші Банкке қатысты ағымдағы санкцияларды есепке ала отырып, Қызметтердің үздіксіз жеткізілуіне кепілдік беруі тиіс;
- 30) Профилактикалық жұмыстар Тапсырыс берушімен келісім бойынша жүктеменің ең төменгі сағаттарында жүргізілуі қажет. Жоспарлы жұмыстарды жүргізу туралы хабарлама, ол басталардан кем дегенде 24 сағат бұрын жасалуы тиіс.
- 31) Жұмыстарға қойылатын талаптарды нақтылау және қабылдау бойынша жұмыс тобының тұрақты кездесулеріне әрдайым қатысатын құзыретті жұмысшыны бөлу.

7) Жұмыстардың көлеміне қойылатын талаптар

32) Тапсырыс беруші Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ Android және IOS операциялық жүйелеріндегі заңды тұлғаларға арналған мобильдік қосымшасын жетілдіру бойынша жұмыстарға қойылатын бизнес-талаптар және/немесе техникалық тапсырманы әрбір жұмыс үшін береді. Қосымша функционалды жүзеге асыру (бұған дейін бизнес-талаптар және/немесе техникалық тапсырмаға енгізілмеген) тараптардың келісімдері бойынша іске асырылады.